

Азаматтық іс
жүргізу құқықтық
қатынастардың
субъектілері

Азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынасы дегеніміз – нақты іс бойынша әділеттілікті жауап алу барысында сот пен процеске қатысушылардың арасындағы азаматтық іс жүргізу құқығы нормаларымен реттелетін теңсіздік қатынастар.



Азаматтық іс жүргізуде бірнеше құқықтық қатынастар бар:

1. Басты (негізгі) құқықтық қатынастар. Бұл талап өндірісінде сот пен тараптардың арасында пайда болатын процессуалдық құқықтық қатынас немесе ерекше өндірістегі сот пен арызданушының арасындағы процессуалдық құқықтық қатынас.

2. Қосымша процессуалдық құқықтық қатынас. Бұл сот пен үшінші тұлғалардың, сонымен қатар, іс бойынша қорытынды беретін прокурор мен мемлекеттік басқару органдарының арасында пайда болатын процессуалдық құқықтық қатынас.

3. Қызметтік-көмекші процессуалдық құқықтық қатынас. Бұл сотты өкілдермен, куәлармен, мамандармен, аудармашылармен байланыстыратын процесусалдық қатынас.



Азаматтық процессуалдық құқықтың субъектілері болып сот, азаматтар мен ұйымдар табылады. Заң бойынша азаматтық процессуалдық құқықтың субъектілері болып шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар, шетел ұйымдары мен халықаралық ұйымдар есептеледі. Бұл аталған тұлғалардың барлығы процеске қатыса алады.

Азаматтық процессуалдық
құқықтық қатынас субъектілерін 3
негізгі топқа бөлуге болады:

1.Сот;

2.Іске қатысушы тұлғалар;

3.Әділетті жауап алдыруға көмек
көрсететін тұлғалар.



Азаматтық істі қарау мен шешу барысында сот пен басқа да іске қатысушылардың арасында қоғамдық қатынас туындайды. Бұл қатынастар азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттеліп, осының нәтижесінде азаматтық іс жүргізу қатынастары пайда болады.

Азаматтық іс жүргізу қатынастары – құқықтық қатынастардың бір түрі болып табылады. Сондықтан, оған кез-келген құқықтық нормаларына негізделіп, нақты тұлғалардың арасында пайда болып, жауап алады, екіншіден, онда қатысушылардың жүріс-тұрысы заңды бекітілген, үшіншіден, мемлекеттік мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз



Азаматтық іс жүргізу құқығы нормалармен реттелетін азаматтық іс жүргізу құқықтық қатынастарына келесі ерекшеліктері тән:

<p>Процессуалдық құқықтық қатынастың міндетті субъектісі – сот болып табылады. Тараптар, үшінші тұлғалар, прокурор, мемлекеттік органдар өз алдына бір-бірімен азаматтық процессуалдық құқықтық қатынаста бола алмайды.</p>	<p>Процессуалдық құқықтық қатынастардың бір-бірімен тығыз байланыста болып, бірін-бірі алмастырып отыратын қатынастардан тұруы, яғни жүйелігі.</p>	<p>Іске қатысушы тұлғаның кез-келген процессуалдық әрекеті кез-келген іске қатысушы басқа тұлғалардың процессуалдық жағдайына әсер етеді.</p>	<p>Бір жақты ерік білдіруге байланысты туындайтын құқықтық қатынас.</p>
---	--	---	---

Орындаған: Бекежанов
Бауыржан
ҚҚ311